

Павлодар мұнай өңдеу зауытында пропиленді құнарландыру қондырғысының кешенін салу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 27 қыркүйек 1994 ж. N 387-ө

"Полипропилен" акционерлік қоғамының қазіргі қуаттарын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Павлодар мұнай өңдеу зауытында пропиленді құнарландыру қондырғысының кешенін салу туралы" 1992 жылғы 26 тамыздағы N 706 P920706_ қаулысында белгіленген мерзімде пропиленмен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жеделдету мақсатында:

1. Пропиленді құнарландыру кешенін салу орнын Павлодар мұнай өңдеу зауытынан Атырау қаласындағы "Полипропилен" акционерлік қоғамының алаңына көшіру туралы Павлодар мұнай өңдеу зауыты мен "КРАМДС" ұлттық акционерлік компаниясының ұсынысы қабылдансын.

2. Кешен құрылысын шетелдік кредиттерді тарту арқылы өтемдік негізде салуға рұқсат етілсін, ал кредит "Полипропилен" акционерлік қоғамы мен Павлодар мұнай өңдеу зауытының өнімдерін экспорттау есебінен өтелетін болсын.

3. "КРАМДС" ұлттық акционерлік компаниясы, "Полипропилен" акционерлік қоғамы және Павлодар мұнай өңдеу зауыты үстіміздегі жылы өз өнімдерін экспортқа сатудан алған қаражаты есебінен кредит желісін ашу үшін аванстық жарна өткізсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік аталған құрылысты салуға арналған кредит желісін ашу туралы мәселе қарасын және Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкіне тиісті ұсыныстар енгізсін.

Премьер-министр